

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ПОЛЬШАДАҒЫ
ЕЛШІЛІГІ



AMBASADA
KAZACHSTANU
w POLSCE

02-954 Варшава қаласы, Królowej Marysieńki к.14.
Тел.: +4822-642-53-88 Факс: +4822-642-34-27
e-mail: warsaw@mfa.kz
<http://mfa.gov.kz/warsaw>
2025 жылғы 10 қыркүйек
№30-527

ul. Królowej Marysieńki 14, 02-954 Warszawa
Tel.: +4822-642-53-88, Fax: +4822-642-34-27
e-mail: warsaw@mfa.kz
<http://mfa.gov.kz/warsaw>
«_____» _____ 2025 ж.

Өте шұғыл! Маңызды!

ҚР КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ

**ҚР САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ**

Поляк-Беларусь шекарасының жабылуы туралы

2025 жылдың 9 қыркүйегінде Үкімет отырысынан кейін Польша Премьер - Министрі Дональд Туск 11 қыркүйектен 12 қыркүйекке қараған түні Польша мен Беларусь арасындағы шекара жабылатынын мәлімдеді. Шешім "Батыс-2025" әскери жаттығулары аясында Ресей мен Беларусь тарапынан мемлекеттік қауіпсіздік және арандатушылықтардың күшеюі" мәселелерімен негізделген.

Барлық шекаралық автомобиль және теміржол өткелдері толығымен жабылуы көзделуде.

Сонымен қатар, Ішкі істер және әкімшілік министрі Марчин Кервинский шекараның жабылу ұзақтығы туралы мәселе "Үкімет Польша азаматтарына бұдан былай қауіп төндірмейтініне сенімді болған кезде" қарастырылатынын айтты.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, аталған шектеулердің ұзақ мерзімді сипатын ескере отырып, барлық жүк тасымалдаушыларды, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды Еуропа елдеріне, оның ішінде Польша Республикасына жүктерді жеткізу үшін баламалы маршруттарды пайдалану қажеттілігі туралы хабардар етуді сұраймыз.

2025 жылғы 16 қыркүйекте Елшіліктің бастамасымен РП ІІМ орынбасары М.Дужчикпен өтетін кездесу барысында аталған мәселені талқылау жоспарлануда.

Кездесу қорытындылары, сондай-ақ поляк билігінің Поляк-Беларусь шекарасындағы шекара өткелдерінің жұмысын қайта бастау туралы шешімі туралы ҚР Сыртқы істер министрлігі, сондай-ақ тиісті министрліктер дереу хабардар етілетін болады.

ЕЛШІ

Н.ЖАЛҒАСБАЕВ

Орындаған: Л.Жұмағалиева
Конв. 3062 l.jumagaliyeva@mfa.kz